

Немересі: Мен бізге айып тауып, енді ренжімеміз. Бұл өмірімізді бағалап қураңдылауымыз керек. Құраңдылауымыз керек! Қызық! Қызық! Қызық!

Гүлбадан ТӘУЕЛҚЫЗЫ,  
Тілдерді дамыту басқармасының  
бас маманы

## ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!



Таңертең ерте тұрған – ел анасы,  
әже. Нағыз қазақы үлгіде сәнденіп киінген.  
Үй сыртында жүр. Айналага рахаттана  
қарап, күннің шығысы мен батысына көз  
жүгіртіп, баршаға естірте сөйлейді.  
Жүзінде қуаныш.

**Әже:** Көптен күткен, Әз Наурызым, келдің бе?  
Ел жағдайын көрдің бе?  
Ескі жылым, есірке, жаңа жылым, жарылқа!  
Көк тәңірі, нұрынды аяма,  
Жер тәңірі, ырысынды аяма!  
Әділ жанды тағынан айырма,  
Әз халқымды бағынан айырма!  
Басыма бас қос!  
Жасыма жас қос!  
Асыма ас қос!  
Әз Наурыз, Әз Наурыз, Әз Наурыз!

Үйден кішкентай кекілді бала жүгіріп шығады. Ол да мерекелік киімде.

**Немересі:** Әже, әже, наурыз тойын неге Әз Наурыз, Әз Наурыз дейсің?

**Әже:** Е, балам-ай, наурыздың алғашқы үш күнінің ішінде жер-көкті жарып ерекше гуіл (дыбыс) шығады екен. Оны қой мен қойшы ғана сезеді дейді. Бұл дыбыс барлық жаратылысқа жаңа күш, қуат, ерекше серпін берген. «Әз болмай, мәз болмайды» деген екен қариялар. Айтпақшы балам, бұл күндері тырнақ, шаш алуға болмайды. Өйткені, әлгіндей асыл қасиеттер қиылып кетеді деп ырымдаған. Бері келші! (немересін тізесіне алып, кекілін сипап отырып әндетеді.)

Айналайын, карағым, кекілдім-ай,  
Көгілдірі аққудың секілдім-ай.  
Алма ағаштың бүріндей-ау,

Текеметтің түріндей-ау.  
Өтіп дәурен бара жатыр,  
Сізбен бізге білінбей-ау.

*(Әннің соңына қарай қабағын шытып, ойланып, бір күрсініп алады)*

**Әже:** Жалған дүние десеңші. Бес күннің бағасын да білмейміз. Зейнептен кешірім сұрайын. Жүрші, балам-ау, екеуіміз Зейнеп апаңның үйіне кіріп шығайық *(Сахнадан кетеді)*.

**Жүргізуші:** Жылына қайта туып жаңардың да,  
Толғанттың талайларды ар алдында.  
Араға он бір ай уақыт салып,  
Наурыз, еліме аман-есен оралдың ба?  
Наурыз тойы – тамаша,  
Наурыз тойы – жаңаша.  
Табиғат та тамаша,  
Тамылжып тұр жараса!

### **«Наурыз» әні.**

*Сахнаға әжесі, немересі және Зейнеп апай шығады. Зейнеп апай салқын қабақ танытып, әжейдің сәлемін суық алады. Қолындағы ұршығын жерге түсіріп алады. Жібi оралып, берекесі кетеді.*

**Әже:** Зейнепжан, ашуынды бас. Өткенде жалғыз ұлыңның жаман қылығын айтып, бетіңе бастым. Үлкен болсам да, әдейі келдім. Наурыз алысты жақындатады, аразды тату қылады. Пенделікпен астамшылық жасасам, ақылдылықпен қарсы ал.

**Зейнеп:** «Айтылған сөз – атылған оқ». Мен оны қалай ұмытайын. «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік» деген, жер ортасы жасқа келгенде бір баланы дұрыс тәрбиелемегеніме өкінемін. «Қарғайын десем, жалғызым, қарғамайын десем, жалмауызым» дегендей, енді бармағымды тістеп отырмын.

*(Жылайды, осы кезде төбеден ультұрақұлгін жарық түсіріледі)*

**Әже:** Зейнепжан, «көйлектің кірін жуса кетеді, көңілдің кірін айтса кетеді» демей ме, кешір мені. «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» деген, менің ақылдылығым қайда? Бұған сен ғана емес, біз де кінәліміз. Бұл күні Самарқанның көк тасы да жібиді емес пе?! Көк тастан да қатты болғаның ба, Зейнепжан. Кел, енді төс қағыстырып, өткенді ұмытайық. Баяғыша тату-тәтті құшақ айкастырайық *(төс қағысады)*.

**Немересі:** Мен сізге арнайы бел көтерер алып келдім. Әжеме енді ренжімеңіз. Біз сізді сағындық (*Белтемірді ұсынады. Зейнеп баланы құшақтайды*).

**Зейнеп:** Өркенің өссін! Әр күнің Наурыздай берекелі болсын! Көптен өзіңе арнап қоянның тобығын сақтап жүр едім. (*Қалтасынан іздеп, шүберекпен мұқият оралған тобықты ұсынады. Маңдайынан сүйеді.*) Тілеген тілегің қабыл болсын!

*(Үшеуі арқа-жарқа әңгіме айтып, сахна сыртына кетеді)*

**Жүргізуші:** Наурыз – пәктік, адалдық күні,  
Қателік кешіріледі,  
Көңіл кірі өшіріледі.  
Жолсыздыққа тыйым болады.  
Ақ тілек сыйың болады.  
Әр үйде береке болады,  
Ойын-сауық, мереке болады.  
Көктемнің төкті нұры,  
Көңілдің кетті мұңы.  
Кел, достар, күй тыңдайық,  
Ұлыстың ұлы күні!

*«Көңілашар» күйі орындалады*

*Күн күркіреді. Табиғаттағы жаңа жандану нышаны көрсетіледі. Ойнақы музыка. Музыканың ырғағымен екі жақтан топ жастар шығады. Сөйтіп ауыл сыртында саумалық айту басталады.*

**1-топ:** Саумалық, саумалық,  
Наурызымның көк құсы  
Ұйқыдан көзін ашты ма?

**2-топ:** Ашты, ашты.

**1-топ:** Саумалық, саумалық,  
Самарқанның көк тасы  
Жібіді ме, көрдің бе?

**2-топ:** Жібіді, жібіді.  
Көрдік, көрдік.

**1-топ:** Саумалық, саумалық,  
Ескі жыл, есіркей кет.  
Жаңа жыл, жарылқай кел.

**2-топ:** Есірке, есірке.  
Жарылқа, жарылқа.

## Жүргізуші:

Наурыз – мұз бен қар еріген күн,  
Наурыз – жер аяғы кеңіген күн.  
Сағынып ала қыстай бірін-бірі,  
Арызы ағайынның кеміген күн.  
Наурыз – күн мен түн теңескен ай,  
Наурыз – жылы көктем желі ескен ай.  
Көрісіп, мейрам қылып, ағайындар,  
Алдағы шаруасын кеңескен ай!

Наурыз – шат адамдар, жылы жүздер,  
Тойлаңдар, ойнаңыздар, күліңіздер.  
Шуағын осы күннің бойға жинап,  
Жыл бойы мейіріммен жүріңіздер!!!

## «Шашу» бiі.

*Әжесі мен немересі сахнаға шығады. Киіз үйдің төрі.  
Отасасы және басқалар дастарқанды айналып отыр.*

**Немере:** Ата, ата. Маған Зейнеп апай тобық берді. Азамат болатын бала тобық жұтады деуші едің ғой. Бүгін Ұлыстың ұлы күні тілегім қабыл болсын деп тобық жұтайыншы.

**Атасы:** Ұлыстың ұлы күні не тілеген тілегің қабыл болады дейді. Расында, бәйбіше-ау, Наурыз күнін жақсылықпен бастайық. Ал, балам, жақсы істердің жаршысы болғай, наурыздағы қалауың сол болса, қабыл болсын!

**Немере:** Батыр болсам, жүрегімнен шық,  
Палуан болсам, білегімнен шық.

Шешен болсам, таңдайымнан шық,  
Бақытты болсам, маңдайымнан шық.  
(тобық жұтады)

## Атасы (бата береді):

Жақсы деген кісінің  
Алды-арты бірдей жарық болар.  
Жақсы деген ісіңнің,  
Бас-аяғы анық болар.  
Жақсы істі тастама,  
Жақсы кісіні жасқама.  
Жақсы істі тастасаң,  
Өнерің азады.  
Жақсы кісіні жасқасаң,

Өнегең азады.

Қарың мен жағың талмасын,

Өнерің мен өнегең азбасын, әумин!

*«Қазақстаным – ғажапстаным» әні.*

**Жүргізуші:**

Бар айнала кең тыныстап, жайнаған,

Мерекені бар қазағым тойлаған.

Сүт, ірімшік, аққа толы дастарқан,

Қазандарда наурыз көже қайнаған.

**Әже.** Есік алдында саумалық айтқан жастардың дауысы шығады ғой. Шақыр бәрін, наурыз көже ішсін.

*Келін сыртқа шығып, барлығын Наурызбен құттықтайды. Арқа-жарқа болған жастар кеше түнде істеген ұйқыашар мен алған селт еткізер сыйлығы жайында айтып, бақыттан жүздері жайнайды.*

**Келін.** Жүріңдер үйге, атам мен әжем наурыз көжеге шақырады. Кәне, көп күттірмейік.

*Дастарқанды айнала жайғасқан жастарға көже ұсынады.*

**Немересі:** Әже, наурызда неге көже істеген? Сыйлы қонаққа тартылатын жал-жая, қазы-қартасы бар ет неге аспаймыз?

**Әжесі:** Әрине, бұл күні барлық жылы жұмсақ, тәтті тағамның бәрі де дастарқанға қойылады. Ет те асылады. Бірақ, басты тамақ – Наурыз көжесі. Наурыз көженің қасиеті туралы аға, әпкелеріңнен сұрап көрші, не айтар екен?

*Отырған жастар бірінен соң бірі айтады.*


**1-жас.** Біріншіден, Наурыз мейрамы – жалпы халықтық мереке. Наурыз көже көпшілікке арналған. «Еңбектеген баладан еңкейген қарияға» дейін дәм тататын ас көже емес пе? Менімен келісесің бе?

**Немересі:** Иә.

**2-жас.** Екіншіден, Наурызда күн мен түн, бай мен кедей, хан мен қара халық теңескен күн. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деп Абай айтқандай, теңдік күні. Ал Наурыз көже – теңдік асы. Ешкімге сыбаға үлестірілмейді. Біреулерге қара кесек, жылы жұмсақ, енді біреулерге сүйек-саяқ, ішек-қарын берілмейді. Маған айтар датың бар ма?

**Немересі:** Жок.

**3-жас.** Үшіншіден, Наурыз – араздасқандар достасатын, ренжіскендер табысатын, елді бірлікке, ынтымаққа шақыратын күн. Ал, Наурыз көже – татулық пен бірліктің асы. Өйткені, жетіден



көп дәм салынып, бір қазанда қайнаған астың берекесі мол. Бұған не дейсің?

**Немересі:** Таң қалып тұрмын.

**4-жас.** Төртіншіден, Наурыз мейрамы аспа-төк ысырапшылдық, нысапсыздық, тоғышарлыққа қарсы, керісінше, адамдарды қанағатшылық пен ыждаһаттылыққа шақырады. Халқымыз Наурыз мейрамын үш күн немесе апталап, айлап тойлағанын ескерсек, Наурыз көжеден ыңғайлы тағамды қайдан табасыз?

**Немересі:** Бұл жай ғана көже емес екен ғой.

**5-жас.** Бесіншіден, бүгінгі заманның тілімен айтқанда Наурыз мейрамы – нағыз салауатты өмір салтын қалыптастырудың таптырмайтын құралы. Ал Наурыз көженің орны тіпті ерекше. Тез қорытылатын, қуаттылығы мен құнарлылығы мол, экологиялық жағынан таза табиғи өнімнен сұрыпталған Наурыз көже сіздің денсаулығыңа тек қана пайда әкеледі. Бұған не дейсің?

**Немересі:** Керемет екен.

**Әжесі:** Наурыз көженің қасиетін айтып тауыса алмаспыз. Сырттан қонақтардың дауысы естіледі ғой. Балам-ау, есік ашып, жол көрсет.

**Немересі:** Сауықшыл әншілер келді.

*Хормен.*

*Халық әні «Дедімай-ау»*

**Жүргізуші:**

Ақ пен қара жауласа алмайтын күн!  
Түкпірдегі түнекті жалмайтын күн!  
Жарылқаушы Табиғатты түлетіп,  
Ескі жылдың қаспағы қалмайтын күн!

Көңіл-кірбің көжеге айналған күн!  
Көкіректер сезім күтіп сайланған күн!  
Түндік серпіп, қыс кетіп, сәті түсіп,  
Жігері құм болғандар айды алған күн!  
Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!